

"Теңге"



Қазақстан теңгесі — Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы.
Қазақстан Республикасының Президенттің 1993 ж. қараша 15 жарлығы бойынша айналысқа еңгізілді.

Тәуелсіз егемен мемлекеттің міндетті рәміздерінің бірі оның ұлттық валютасы болып табылады. Сонымен бірге, кез келген мемлекеттің тарихына оның бір-ақ рет енгізілетін өз валютасының тарихы да кіреді. Ұлттық валюта елдің өткенін, бүгінгісін және болашағын бейнелейді.





1994 жылы 1993 жылғы үлгідегі номиналы 200 теңгелік және 1994 жылғы үлгідегі 500 теңгелік банкноттар;

1995 жылы 1994 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттар;

1996 жылы 1996 жылғы үлгідегі номиналы 2000 теңгелік банкноттар;

1997 жылы номиналы 1, 5, 10, 20, 50 теңгелік монеталар (жаңа дизайны);

1999 жылы 1998 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкноттар;

2000 жылы 1999 жылғы үлгідегі номиналы 200 және 500 теңгелік банкноттар (дизайны өзгертілген),

2001 жылы:

2000 жылғы үлгідегі номиналы 1000 және 2000 теңгелік банкноттар (дизайны өзгертілген);

2001 жылғы үлгідегі номиналы 100 теңгелік банкноттар (дизайны ішінара өзгертілген);

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған 2001 жылғы үлгідегі 5000 теңгелік мерейтойлық банкноттар;

2001 жылғы үлгідегі 5000 теңгелік банкноттар (дизайны ішінара өзгертілген).

2002 жылы:

2003 жылғы үлгідегі номиналы 100 теңгелік банкноттар;

1999 жылғы үлгідегі номиналы 200 және 500 теңгелік банкноттар (дизайны ішінара өзгертілген) шығарылды.

2003 жылы:

2003 жылғы үлгідегі номиналы 10 000 теңгелік банкноттар.

2006 жылы:

200, 500, 1000, 2000, 5000 және 10000 теңгелік банкноттар (мүлде жаңа дизайн).



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



BA2834273

100

ЖҮЗ ТЕҢГЕ

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ


1993



АБЫЛПай ХАН - 1711-1781ж

100

BA2834273



БАНКНОТТАРДЫ ҚОЛДАН ЖАСАУ
ЗАҢМЕН ҚУДАПАНАДЫ

100

ЖҮЗ
ТЕҢГЕ



www.ZHARAR.com

ҰЛТТЫҚ валютамыз – теңге

Банкноттар



200 Теңге

10000 Теңге



2000 Теңге





500 Теңге



5000 Теңге



1000 Теңге





Мәрекелік теңге



Теңге – ұлттық табыстың кепілі


АСТАНА. Қарашаның 15-і. ҚазАқпарат /Айбын Бақытұлы/ - Бүгін, қарашаның 15-і - ұлттық валютамыздың айналысқа енген күні. Қазақ елінің егемендігін әйгілеген тағы бір аса маңызды құрал ретінде 1993 жылы қолымызға тиген теңге алғашқы мүшелін абыроймен артқа тастады. Осыған орай, төл теңгеміздің төңірегіндегі бүгінгі ахуалға қысқаша шолу жасағанды жөн көрдік.

Қазіргі заманда қандай да бір валюта болмасын, алдымен оның АҚШ доллары мен еуроға қатысты бағамы, сосын тұрақтылығы ауызға алынады. Ол заңдылық та. Күн сайын құбылған мына заманда тірнектеп жиған ақшанды не саудаға, не кәсіпке «жегесің», әйтпесе банктердің депозиттік салымдарына саласың. Әйтеуір, қолдағы капитал құр жатпауы тиіс. Сондықтан, банкке саларда қай валютамен тиімді, қайсысы сенімді болатынына назар аударасың. Теңге туралы, депозиттік салым туралы айтқанда, инфляция жайында сөз қозғамау мүмкін емес. Өйткені қолдағы қаражатты банктің депозитіне салып қойып, «пәленше пайыз сыйақы алам» деп малданып жүргенде, оны инфляция жұтып қоюы әбден мүмкін. Ал біздегі инфляция әжептәуір. Ресми деректер бойынша біздегі жылдық инфляция биыл 10 пайыз болатын түрі бар. Ұлттық банк төрағасы Өнуар Сәйденов осы аптада жылдық инфляция -10 пайыз, ал орташа жылдық инфляция -15 пайыз шамасында болатынын айтты. Оның деңгейіне ішкі және сыртқы ықпалдар бірдей әсер етіп отыр. Атап айтсақ, әлемдік рыноктағы тауарлар бағасының өсуімен бір мезгілде ішкі рыноктағы тарифтердің өсуі де орын алды.

Тағы бір назар аударатын жайт - банктердің сырттан қарыз алу мәселесі. Бұл да белгілі бір деңгейде теңгенің қазақстандықтар үшін тиімділігіне әсер етуі мүмкін. Олай дейтініміз, АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыстың салқынымен жалпы халықаралық қаржы рыногында өзара қарыз алу мүмкіндігі қиындады. Бұл жағдай Ұлттық банк төрағасы Өнуар Сәйденовтың пікірінше, 2008 жылдың бірінші жартысына дейін созылуы мүмкін. Демек, сыртқы қарыздарға көбірек иек артып келген біздің екінші деңгейлі банктер қажетті қаражатты енді ішкі нарықтан, отандық ресурстардан іздеуге мәжбүр. Соның бір көрінісін әлден-ақ байқауымызға болады. Қазір банктер жаппай халықты депозиттік салымдарға қызықтыруға ұмтылып, салымдардың тартымдылығын, олардың пайыздық сыйақыларын көтеріп жатыр. Бұл бағытта тіпті қатаң бәсеке жүріп жатыр десек те болады. Бұл қолында аз-маз артық ақшасы бар жұрт үшін тиімді құбылыс. Тек салымды қай валютамен салатындығын пайымдап алған жөн. Ал ұлттық теңге өзінің тұрақтылығын күн өткен сайын дәлелдеп келеді. Ойткені ол Ұлттық валюта.

www.ZHARAK.com

Теңгеміз көбейіп, табысымыз арта берсін, ағайын!



Рақмет

